

Качир ауданы Октябрь ауылдық округі Первомайск ауылының көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Качир ауданы Октябрь ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 17 қазандағы № 7 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 01 қарашада № 5662 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Октябрь ауылдық округі Первомайск ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2017 жылғы 15 тамыздағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Октябрь ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Качир ауданы Октябрь ауылдық округі Первомайск ауылының келесі көшелері:
"Ленин" көшесі "Достық" көшесі болып;
"Лесная" көшесі "Бірлік" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Октябрь ауылдық округі
әкімінің міндетін атқарушы*

М. Мирманов